

Манаш Қозыбаев – ұжымдастыру, ашаршылық және қуғын-сүргін мәселелерінің ірі зерттеушісі

Құралай Ш. Аубакирова¹, Қымбат Қ. Байсарина²

¹*А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, (Астана Қазақстан)*

²*Шәкәрім университеті, (Семей, Қазақстан)*

E-mail: aub.kuralai@mail.ru¹, bkksemey@mail.ru²

¹<https://orcid.org/0009-0009-7830-5588>

²<https://orcid.org/0000-0002-5911-6716>

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты М. Қозыбаевтың еңбектеріндегі негізгі тақырыптар мен әдістемелік тәсілдерді анықтай отырып, оның ғылыми мұрасын талдап, жүйелеу және ғылыми зерттеу жұмысын жүргізудегі алғашқы қадамдары және Отан тарихын зерттелуіне қосқан үлесін ғылыми тұрғыда талдау. Ғалымның 1985-2002 жылдар аралығында жарық көрген көне заманнан бастап, XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне, 20-50 жылдары кеңестік өкімет тарапынан жүргізілген тәркілеу, ұжымдастыру, қуғын-сүргін нәубетіне, тұлғатануға қатысты еңбектерінің тарих ғылымында алатын орны мен маңызын зерделеп, ғылыми баға беру.

Көрнекті ғалымның бүкіл ғұмыры өз ұлтының тарихын түгендеуге, бүтіндеуге арналды. Ғалым тарих ғылымының негізгі салалары бойынша терең де көлемді зерттеулер жүргізді. Кеңес тарихын зерттеумен ғана шектелмей, өткен тарихымызды қалпына келтіруде ғалым Манаш Қозыбаев өлшеусіз үлес қосты. Тәуелсіз Қазақстан концепциясын қалыптастырудағы ролі мен отандық тарих ғылымында М.Қ. Қозыбаевтың ғылыми мұрасы оның ішінде тарих ғылымына қосқан мұрасы қазіргі заман талабына сай кешенді түрде талданды.

Еңбектің деректік негізін Манаш Қабашұлының ғылыми еңбектері: энциклопедиялық жинақтары, монографиялары, мақалалары және ғылыми- публицистикалық жұмыстары, мерзімдік баспасаөз беттерінде жарияланған сұхбаттары құрайды. М.Қозыбаевтың ұйымдастырушылық қабілеті, жылдар бойы жинаған тәжірибесі, терең білімі, болашақты дұрыс бағамдай білуі, алға қойған міндеттерді толық жүзеге асыра білу қабілеті – ғалымның бірден көзге түсетін ерекше қасиеттері еді. Ол тәуелсіздік таңында тұтас тарих ғылымының концепциясын айқындау ісіне жетекші болып, ғылым академиясының қабырғасындағы Тарих және этнология институтында тәуелсіздік тарихын жаңаша ойлап, батыл жазатын тарихшылардың буынын қалыптастырды. Ғалымның тәуелсіздік алғаннан кейінгі ашыла түскендігін оның осы тұстағы жазған еңбектері, көтерген мәселелері мен тұжырымдары айқын көрсетеді. Ғалымның ғылыми мұрасына байланысты көптеген ғалымдар тарихнамалық сипатта пікірлері мен ойларын білдіріп, ғалымның тарихи еңбектері ғалымдар тарапынан жоғары бағаланды. М.Қ. Қозыбаевтың елімізде Отандық тарих ғылымының қалыптасуына, дамуына, оның өзекті мәселелерін шешуге арналған ой-пікірлері, қол жеткен нәтижелері мен қалдырған мол ғылыми мұрасы еңбекте қарастырылып, ғалым ретінде қалыптасуы кезіндегі өмір жолы мен тұлға ретінде қалыптасуына жан-жақты талдау жасалды.

Қорытынды. Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың еңбектерінде Қазақстан тарихының күрделі мәселелері, ақтаңдақтары ақиқат тұрғысынан шешіліп қана қоймай, халықтың ұлттық санасының оянуына, қалыптасуына үлес қосты.

Кілт сөздер: қазақ тарихы, тарихи сана, ұжымдастыру, ашаршылық, тәркілеу, қуғын-сүргін, ғылыми мұра, тәуелсіздік.

Кіріспе

Манаш Қозыбаев қазақтың көрнекті ғалымы, тарих ғылымының көшбасы болды. Академик Манаш Қозыбаевтың ғылыми еңбектері, оның азаматтық ұстанымы Қазақстанның жаңа мемлекеттілігінің қалыптасуында елеулі рөл атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында М. Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына, ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуальдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды. Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан кейін оның ғылыми қызметі жаңа проблемаларды қоюмен ғана емес, сонымен бірге елдің бүкіл тарихи өткенін түсінуде жаңа көзқарасты қалыптастырумен сипатталады. Манаш Қозыбаевтың қазақ тарихнамасына қосқан үлесі ерекше оны төендегі зерттеулерінен байқауға болады. Манаш Қозыбаевтың басшылығымен Қазақстан халқының тарихи санасын қалыптастыру жөніндегі тұжырымдама әзірленіп, қабылданды. Тарихи сана тұжырымдамасы 1990-шы жылдардың күрделі кезеңінде, отандық тарихтың даму бағыттарын анықтаудың негізі болды. Қазақстан тарихын қайта қарастыруда, Отандық тарихтың түйінді мәселелерін әзірлеуде және қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Сонымен қатар, жалпыұлттық бірлікті қалыптастыруға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыруға, оның егемендігін нығайтуға, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеуге ықпал етті.

Қазақ тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосқан, ұлт тарихын зерттеуге еңбегі сіңген, мемлекетіміздің тәуелсіздігі, азаттық жолындағы күреске толы тарихын зерделеудің көш басында тұрған аса ірі ғалымдарымыздың бірі және бірегейі, мемлекет және қоғам қайраткері. Манаш Қабашұлының тарих ғылымына қосқан үлесін және қоғамдық қызметінің маңызын атап айтуға болады. Ол Республиканың жетекші ғылыми орталығының жетекшісі болды, ағартушылық қызметпен айналысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда, академик М.Қозыбаевтың қоғамдық және ғылыми мұрасын зерделеу аталған мәселенің өзектілігін көрсетеді. Сондықтан академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ғылыми мұрасын зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Талқылау

Академик Манаш Қозыбаевтың отандық тарих дамуына қосқан үлесін көрсететін, ғылыми мұраны бүгінгі күн талабына сай зерделеген еңбектер бар. Сондықтан бүгінгі таңда ғалымның ғылыми мұрасын зерттеу нысанымызға

айналып отыр. М.Қ. Қозыбаевтың өмір жолы туралы мақалалар XX шы ғасырдың 50-60 жылдардан басталады. Ғалымның қазақ тарихнамасына қосқан үлесін төмендегі тарихшылардың зерттеулерден байқауға болады. М.Қозыбаевтың алғашқы редакциялық қадамына және «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты монографиялық еңбегіне қатысты мақала 1960 жылдары жарыққа шықты (Ахметова, 1964).

М.Қозыбаев туралы «Өнегелі өмір» биографиялық энциклопедиясында, «Жұлдызы жанған ғұлама» естеліктер жинағында, «Манаштану мәселелері» сериялық ғылыми жинақтарында, «Жұлдызым менің» автобиографиялық еңбегінде көптеген мағұлматтар берілген. Ұлы ғалым туралы қалам тартып зерттеу жасаған Қ. Алдажұманов, Е. Әбжанов, Б. Аяған, З. Туленова, Е. Күлдібаев еңбектерінде академиктің ғылыми жолы сараланады. Сондай-ақ Манаш Қозыбаев туралы зерттеген Зирабүбі Төленованың «Академик М.Қ. Қозыбаев: өмірі, қоғамдық қызметі және ғылыми мұрасы» атты диссертация, академик М.Асылбековпен бірігіп жазған «Академик М.Қ.Қозыбаев: ғалым, ірі қоғам қайраткері» атауында көлемді монографиялық еңбек атауға болады. Бұл еңбекте Манаш Қозыбаевтың өміріне, ғылыми мұрасына, қоғамдық қызметіне баға берілген. Еңбекте 1916 жылғы көтеріліс, Қазақстандағы Кеңес билігінің орнауы, азамат соғысы, аштық мәселесі, репрессия, 1941-1945 жылдарға тоқталып өткен (Асылбеков, Төленова, 2014). Аталған еңбекте Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы М.Қозыбаевтың қайраткерлік рөлін, ұлт тарихындағы «ақтаңдақтарды» жою мәселелері бойынша идеологиялық комиссия құрамында болған шешімдерін және тарихи сананы қалыптастырудағы ролі жан-жақты талданған.

Қазірге дейін Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың артына қалдырған еңбектері негізінен жинақталып баспадан шықты деуге болады. Ғалымның көзі тірісінде және өмірден өткен соң жазылған «Академик Манаш Қозыбаев» (Пірманов, Қапаева, 2001), «Жұлдызы жанған ғұлама» (Қозыбаев, 2003), «Манаш Қозыбаев өнегелі өмір» (Мұтанов, 2016), сынды еңбектер – ғалым жөніндегі танымымызды тереңдете түскені анық.

Е.Қ. Күлдібаевтың «Манаш Қозыбаев: өмір жолы мен ғылыми мұрасы (1985-2002)» атты монографиялық еңбегінде белгілі тарихшы, академик, ғұлама ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі өмір жолдары, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасы жан-жақты талданады. Ғалымның 1985 - 2002 жж. аралығында жарық көрген көне заманнан бастап, XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне, 1920-1950 жылдары кеңестік өкімет тарапынан жүргізілген тәркілеу, ұжымдастыру, қуғын-сүргін науқандарына, Ұлы Отан соғысы тақырыбына, желтоқсан оқиғасына, тұлғатануға қатысты еңбектерінің тарих ғылымы саласындағы маңыздылығы қарастырылып, ғылыми баға беріледі (Күлдібаев, 2018). Жоғарыда аталған еңбектерде тарихшы ғалымның тарих ғылымының кешенді түрде зерттеудегі ғылыми ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметіде сараланды.

М. Қозыбаевтың ғылыми мұрасын зерттеудің дерек көздері болып табылатын энциклопедиялық және библиографиялық басылымдарды да атап

айтуға болады. Бұл басылымдар оның өмірі, ғылыми еңбектері және тарих ғылымына қосқан үлесі туралы кең ақпарат береді. Сонымен қатар, М.Қ. Қозыбаевтың ғылыми-шығармашылық мұраларының тарих ғылымында алатын орны халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар анықталған.

Тарихшы-ғалым Б.Е.Көмековтің Б.Е. «Айтулы тұлға», З.Е. Қабылдинов «Академик М.Қ. Қозыбаевтың өмірі мен қызметінің жарқын белестері», Қ.С. Алдажұманов Академик М.Қ. «Қозыбаев және Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру үрдісі», М.Х. Абусейтова «Научное наследие академика М.К. Козыбаева по проблемам методологии, историографии национальной истории», А. Кузембайұлы, Е.А. Әбіл «Концепция степной цивилизации М. Козыбаева» және басқада академик М. Қозыбаевтың замандастары мен шәкіртерінің естеліктерін атап көрсетуге болады («Академик Манаш Козыбаев және отан тарихының өзекті мәселелері», 2021). Манаш Қабашұлы Қозыбаев Қазақстанның жетекші тарихшыларының бірі болды және оның ғылыми және қоғамдық қызметі жан-жақты зерттелді. Оның жұмысы мен тарих ғылымына қосқан үлесі туралы зерттеулер бірнеше онжылдықтарды қамтиды.

Матералдар мен әдістер

Мақаланың методологиялық негізіне Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жаңаша көзқараспен жазу қалыптасқан объективтілік және сыншыл талдау мен сараптау принципі алынды. М.Қозыбаевтың ғылыми мұрасының деректік негізі ретінде зерттеум еңбектері мен ғалымның «Ұлт», «Тәуелсіздік», «Дала өркениеті» ұғымдарына көзқарастары методологиялық негіз болды. Тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылық қызметін зерттеуге мүмкіндік беретін арнайы тарихи жүйелілік, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелеу, түсіндірмелі баяндау, тарихи құбылыстарды бағалау және басқада әдістер қолданылды. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тарихына жаңаша көзқарас қалыптасқан қазіргі кезеңдегі объективтілік және сыни тұрғыдан талдау және талдау принципі құрады. Зерттеу жұмысының әдістемесі тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы талдау және жалпылау әдістеріне негізделді.

Әр жылдары шыққан библиографиялық материалдарды пайдалану әдістері пайдаланылды. Тарихи тұлғалардың қалыптасуы мен қоғамдық-саяси дамудағы рөлін қарастыратын отандық және шетелдік тарихшылардың еңбектерінде қалыптасқан теориялық-әдістемелік тұжырымдар негізге алынды.

Нәтижелер

Манаш Қабашұлы Қозыбаев – жаңа замандағы және кеңестік Қазақстан тарихы бойынша көптеген мәселелерді зерттеп, ғылымда өзіндік із қалдырған ғалым. Тарихшы-ғалым отандық тарих ғылымының дамуына 800 ғылыми зерттеу дайындап, жариялау арқылы сүбелі үлес қосты. Ғалымның «Ақтандақтар ақиқаты», «История и современность», екі томдық «Тарих зердесі», «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» және басқада жариялаған еңбектері тарихшыларға, әсіресе жас зерттеушілер үшін рухани мұра болып саналады. Қазақстанда тың

тұжырымдарды, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға, төл дәстүр мен мәдениетті сақтауға бағытталған ғалым еңбектерінің қазіргі кезеңде елде болып жатқан рухани жаңғырулардың басталуына тигізер әсері мол.

М.Қ.Қозыбаевтың өмір жолына тоқталатын болсақ, 1931 жылы 16 қарашада дүниеге келген. 1953 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіріп, Қостанай педагогикалық институтында ғылыми-педагогикалық жұмысты жүргізді. 1958 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтына қызметке шақырылып, аға ғылыми қызметкерден тарих ғылымдарының докторы, профессорға дейін көтерілді. 1961-1974 жж. М.Қ.Қозыбаев осы институттың ғылыми хатшысы, кейін Қазақстандағы партия құрылысы тарихы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1980 жылдан М.Қ.Қозыбаев Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясын басқарды. Оның басшылығымен осы кезеңде орыс және қазақ тілдерінде 4-томдық «Қазақ ССР» энциклопедиясының, «Алматы», «Қарағанды облысы» энциклопедияларының шығуы секілді іргелі жұмыстар атқарылды.

Осы кезеңде М.Қ.Қозыбаевтың Ұлы Отан соғысының тарихы бойынша Қазақстанның және тұтастай алғанда КСРО-ның шығыс аймағының тарихы мен тарихнамасы бойынша ғылыми зерттеулері Республикада және бүкілодақтық деңгейде жоғары бағаланды. Қазіргі таңда оның «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы», «Қазақстан – майдан арсеналы», «Ұлы Ерлік» атты монографиялары және екінші дүниежүзілік соғыстағы ұлы Жеңіске қазақстандықтардың қосқан үлесі туралы басқа да еңбектерімен танылды. М.Қ. Қозыбаев еңбектері мазмұнының тереңдігімен, жан-жақтылығымен ерекшеленді. Бұған КСРО ҒА академигі М.П.Кимнің, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі П.А.Жилиннің, тарих ғылымдарының докторлары А.В.Митрофанованың, Г.А.Куманевтің, И.И.Захаровтың еңбектеріндегі шолулар дәлел. Залесский, В.Г.Анисков, Ю.В.Арутюнян және басқа да атақты кеңес ғалымдарының пікірлері де бар.

1986 жылдың наурыз айынан бастап М.Қ. Қозыбаев Ш.Уәлиханов атындағы Археология және этнография тарихы институтында тарихнама және деректану бөлімінің меңгерушісі, ал 1988 жылы директоры болып сайланды. Академик М.Қ.Қозыбаев басқаратын институт Қазақстан Республикасы тарихының өзекті мәселелерін әзірлеуде зор үлес қосты. Егемен Қазақстан мемлекетінің құрылуы, халықтың ұлттық сана-сезімінің артуы, кеңестік мемлекеттік жүйенің және коммунистік идеологияның ыдырауы тарих ғылымының қоғамдағы орнын түбегейлі өзгертті. Сол кезден бастап академик М.Қ.Қозыбаевтың жетекшілігімен Қазақстандағы тарих ғылымының негізгі басым бағыттары тарихи зерттеулердің әдіснамасы мен жинақталған тарихи білімдерді қайта бағалау мәселесіне басты назар аударылды. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанның басына түскен қасіреттің садарына тарихи көзқарас тұрғысынан зерттеу нәтижесі 1989 жылы М.Қ.Қозыбаевтың ғалымдармен бірлескен Қазақстан трагедиясының ауқымы туралы мақаласы «Вопросы истории» журналында алғаш рет жарыққа шықты. Ал 1991-1992 жж. оның жетекшілігімен 30-жылдардағы ашаршылық пен жаппай саяси қуғын-

сүргін жағдайларын зерттейтін арнайы Парламенттік комиссия жұмыс істеді. Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі кеңестік тоталитаризмнің тарихы мен оның салдары жан-жақты зерттелген жалғыз мемлекет. 80-жылдардың екінші жартысынан бастап Академик Қозыбаев М.Қ. Республикалық маңызы бар 1930-1940 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын анықтау және ақтау бойынша ауқымды жұмыстарды жүргізеді.

1980-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басы отандық тарихнамада ұлт-азаттық қозғалыс тарихын терең зерделеумен, оның ішінде Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедов, Әбдіғафар Жанбосынов жетекшілігімен болып өткен қозғалыстар объективті шындықты қалпына келтірумен ерекшеленді. Алаш және Алаш-Орда қозғалыстарының тарихы, қазақ хандығының тарихы, Абылайдың қызметі, қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысы, т.б. бойынша да орасан зор жұмыстар жүргізілді. Ғалымның 1991-2001 жылдары жарық көрген «Жауды шаптым ту байлап», «Ресей тарихының мәселелері: методология, тарихнама және дереккөздер», 2 томдық «Жеңіс үшін еңбек» және басқа да көптеген зерттеулері ұзақ жылғы зерттеудің жемісі болып табылады.

Ұлттық тарих пен тарихнаманың жаңа концептуалды тәсілдерін әзірлеу және анықтау М.Қ.Қозыбаев басқаратын институтқа қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан тарихы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» очерктерін шығаруға мүмкіндік берді. 1993 және 1995 жылдары Қозыбаев «Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» академиялық басылымын шығарды. Академик М.Қ.Қозыбаев тарих ғылымына Еуразия кеңістігінде дала өркениетінің дамуы туралы тұжырымдаманы алғаш жасаған ғалым.

М.Қ.Қозыбаев академиялық ғылым мен білім беру жүйесінің дәстүрлі байланысын дамыта отырып, жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындары үшін Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындады. Оның жетекшілігімен Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар туралы «Естелік кітабының» 60-тан астам томдығы жарық көрді. М.Қ.Қозыбаевтың шығармалары ТМД халықтарының тілдеріне аударылып, АҚШ, Ресей, Қытай, Болгария, Германия, Украина, Армения, Молдова, Жапония, Иран және басқа елдерде басылып шықты.

М.Қозыбаев «Тарихтың ащы сабағы» атты еңбегінде: «Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тарих ғылымы алдымен сталиндік тоталитарлық жүйе мен тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырмауында болып келді», - деп жазып, тарих ғылымы қуғын-сүргін, зобалаң, әкімшілік-әміршілік белең алған кезді бастан кешіргендігін баса көрсетеді (Қозыбаев, 1992:17-18). Ол жеке басқа табыну идеологиясымен қатар, тоқырау кезінде кеңінен етек жайған волнютаризм мен субъективизмге, рухани жұтаңшылыққа тоқталады. Жалпы, социалистік жүйе 1970 жылдан астам билік құрған кезде қоғамдық-саяси ахуал ауырлаған еді. Бұның көрінісін өкіметтің өктемдігінің артуынан, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің әдістерінің енгізілуінен, діни шектеуліктен, ұлт халықтарының құқығының аяққа тапталды. Кеңестік саясат қазақ елін әуелі малынан және еркіндігінен айырып, нәтижесінде миллиондаған жазықсыз ауыл тұрғындары елінен, жерінен айырылды деген тұжырымға келеді. Социализм

жүйесінен капиталистік жүйенің үйренген жақтарын да ашып көрсетеді. Халықты қауіпсіздендіру, әлеуметтік қорғау, экономикалық жоспарлау істері осы социализмнен алынғандығын айтады.

М. Қозыбаев атап көрсеткендей, кеңес өкіметінің алғашқы жылдары қазақ қоғамына үлкен зардаптар әкелді. Атап айтқанда XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан басынан өткен азамат соғысы, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, одан кейінгі елді қалпына келтіру жылдары, ұжымдастыру, ұлт саясатының бұрмалануы, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, қуғын-сүргін саясаты елдің еңсесін түсіргені белгілі. 1920-шы жылдары тоталитарлық жүйе билік орнағаннан кейін қоғам өмірінде орын алған бұрмалаушылықтар мен әіршіл-әкімшіл саясаттың салдары халықтың рухани санасына қайғы-қасірет әкелді. Елдегі орын алған экономикалық және мәдени дамудағы қиындықтар жаңа экономикалық саясаттың тоқталуымен байланысты еді.

Аштық мәселесінің себептері мен зардаптарын Манаш Қабашұлы да өзінің мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен газет тілшілеріне берген сұхбаттарында ашып көрсетуге тырысты. Оның есебінше, 1921-1922 жылдардағы аштық қазақтарды демографиялық апатқа әкелген. 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 миллион 350 мың адам аштыққа ұшырады. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына ғана жеткен. Ал негізінде бұл қалаларда қазақтардың екі проценті орныққан да, ал дені ауылдарда болған еді.

М. Қ. Қозыбаевтың көрсетуінше, деректерде Орталық Қазақстанға төніп тұрған аштық апатын орталық басшылығы дер кезінде көріп, мән бере білмеген. Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Дзержинскийдің отрядтары Түркістан өлкесі, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен тартып ала берген. Академик “Арқа ажары” газетіне берген сұхбатында Қазақстандағы ең үлкен демографиялық апатқа 1928-1934 жылдар аралығын жатқызады. Осы жылдар аралығында қазақ халқы өзінің жартысынан көбін жоғалтқан. Ғалым бұл кездерде 2,5 миллион халық қырылған деп санайды. Бірақ ол бұл шығыннан көп болуы мүмкін деп, осы жылдарды ең ауыр, нәубет жылдары- деп есептейді (Қозыбаев,1991).

Ғалымның өзі 30-шы жылдары Қазақстанды аштық жайлаған жылдары дүниеге келіп, оның зардаптарының шетін көрген. Бұл турада 1990 жылғы 8 наурыздағы “Қазақстан мұғалімі” газетіне берген сұхбатында: “Мен 1931 жылы елде коллетивтендіру жүріп жатқан кезде, қазақ даласын аштық жайлай бастаған шақта, өмірге келіппін. ...отызыншы жылдардағы ашаршылық жайлы тек әкемнің айтуынан ғана немесе архивтегі документтерден ғана білмеймін, өзім шетін көрдім де. Отызыншы жылдардың аяғы болатын. Бір күні әкеммен бірге келе жатып ескі көндердің ортасынан өттік. Байқап қарасам, жан-жағымыздың барлығы ескі-ескі үйлер. Бірінің төбелері, енді біреулерінің есік, терезелері жоқ. Құдды жаңа ғана көшіп кеткен ауыл сияқты. Әкемнен “Бұл ауылдың адамдары қайда?” деп едім, “балам-ау, бұл ауылдан бір-ақ отбасы тірі қалған, қалғандарының барлығы аштан қырылған”, – деді. Тұла бойым тітіркеніп кетті. Сөйтсем, мұндай ауылдар өте көп екен ғой. Содан да болар, менің есімде сол жылдар қатты қалды”, - деген еді (Қозыбаев,1990).

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін бұрындары Ертіс пен Жайық, Орал мен Сібірдегі казак жерлері казак еңбекшілеріне қайтарылып, жер-су реформалары жүргізіле бастады. Манаш Қабашұлы 1926-1927 жылдары Қазақ АКСР-індегі егіндік пен шабындық жерлер қайта бөлініп, бұрындары қанаушылардың қолында болған жерлер тартылып алынғандығын, кооперативтік қозғалыстың өрістей бастағандығын, Республика халқының материалдық әл-ауқатының артқандығын көрсетеді.

1925-1933 жылдар аралығында Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф.И. Голощекиннің келгені белгілі. М. Қозыбаев Голощекиннің өмірбаянын құжаттарға сүйене талдап көрсетті. Ф.И. Голощекинді ғалым Орталық Комитеттің «орындаушы функционері» (атқарушылық қана) деп көрсете отырып, оны былай атауының екі себебін ашып көрсетеді. Оның біріншісі, Голощекинді қиялдың, шапшаң әрекеттің адамы ретінде көрсетуі. Голощекиннің жеке басына тән «шаш ал десең, бас алатын» ұраншылық қасиеттерінің барлығын, сондықтан ол революция жеңісінен кейін де қас пен достықтың аражігін ажырата алмастай дәрежеге жеткендігін айқындайды. Екінші себепке Голощекиннің социализм теориясы мен практикасын сталиндік тұрғыдан бұрмалауын жатқызды. Бұл ретте ғалым Голощекиннің Сталиннің айтқанынан шықпай, дегенін істеген қолшоқпарына айналғандығын баса айтады (Қозыбаев,1992:206).

Манаш Қабашұлы оның бұл тұжырымына қарсы дәлелді фактілер келтіреді. Қазақстанның дәнді дақылдарының түсімділігі 92 миллионға, ал мал басының 1922 жылмен салыстырғанда 2 есеге өскендігін, тауар айналымының 1923 жылмен салыстырғанда 4 есе өскендігін, 1925 жылдың 1 қыркүйегіне дейін республикада 281 кооперация, 35 колхоз, 96 коммуна, 557 артель мен 58 серіктестіктер бар болғандығын, 13 газет пен 5 журнал шығарылғандығын, 31910 коммунисті біріктіретін бір облыстық, 6 губерниялық және 40 астам уездік партия комитеттері және Қазақстан кәсіподақтарының құрамында 82 мыңнан астам мүшесі болғандығын көрсетеді (Қозыбаев,1990:73-74).

М. Қозыбаев Голощекин «1925 жылға дейін республикада болған оқиғалардың бәрі Қазақстан мен Республика партия ұйымының шын тарихына кіріспе ғана іспеттес көрінеді деп санағандығын» атап өтті. Сондай- Қазақстан өлкелік комитетінің екінші хатшысы І. Құрамысовта «қазақ ауылын Қазан дауылы сәл ғана желіп өткен, Қазақстанда бірегей коммунистік партия ұйымы жоқ» деген тұжырымды ұстанғандығын, Голощекиннің республиканың саяси және шаруашылық салаларын басқарып отырған көзі ашық азаматтары наразылық білдіргендігін, ондай азаматтардың Голощекиннің тарапынан қудалануға ұшырағандығын баса көрсетті (Қозыбаев,1992:215-216). «Кіші Қазан» идеясын жүзеге асыруға кіріскендігін, оны И.В. Сталиннің қолдағандығын, Голощекиннің Қазақстанды жеке-дара өзі ғана билеп-төсейтінін жасырмағандығын, оған Сталин мен партияның Орталық Комитеті төтенше шаралар жүргізуге, авантюристік бағытты берік ұстауға рұқсат алғандығын айқындады. М. Қозыбаев БКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы А.А. Андреев қатысқан VI конференцияда Голощекиннің: «Енді мен Қазақстан басшылығы жайында сөз қозғағым келеді. Сіздер Зиновьевтің: Қазақстан Голощекиннің жеке

билік құруы үшін басыбайлы берілді, - дегенін білесіздер. Кез келген топтың көсемдері Қазақстанға қарсы шығып байқасын – бір аптаның ішінде күлі көкке ұшырылады»-деп жасаған баяндамасынан үзінді келтіреді (Қозыбаев,1990:75).

Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың шығуының себебі елді ұжымдастыру мен тәркілеудегі қателіктерден деп есептеді. Ол бұл науқандардың жүргізілу барысы мен жіберілген қателіктерді талдап көрсетуге тырысты. 1929 жылы Қазақстанда 45 миллион мал болғандығын, сол малдың саны 1930 жылдың қаңтар айында төрт жарым миллионға қысқарған (Қозыбаев,1993).

Ұжымдастыру мен тәркілеу саясаты Голощекин Қазақстанға келгеннен кейін басталған болатын. Тәркілеу мен ұжымдастыруға қатысты 1928 жылдың 27 қазанында Қазақ Атқару Комитеті мен Халық Комитеті және Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы қабылданды. Манаш Қабашұлы аз уақыт аралығында осы қаулы бойынша 657 байлар тәркіленгендігін айта келе: «Байларды тәркілеу ауыл шаруашылығын жалпылай коллективтендіруге ұласты. Ауыл шаруашылығын коллективтендірумен қатар көшпелі елді отырықшылыққа отырғызу қатар жүргізілді. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі ауылдың дәстүрлі өмірінің ыдырауына әкеліп, ата-бабасы мекендеген ұлан байтақ жайлымы жойылылды» (Қозыбаев,1993).

Ғалым ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшу жылдам қарқынмен жүргізілгендігін, ұжымдастыру барысында асыра сілтеу, күш қолдану сияқты жәйттердің орын алғандығын, шолақ белсенділер байлардың малын ғана емес, үй жиһаздарын, тіпті тамақ ішетін ыдыстарына дейін тәркілегендігін атап көрсетеді. Астық пен ет салық мөлшерінің көтерілуі шаруалардың жағдайын күзелтіп жібергендігін, республикада 1931-1932 жылдары астық үшін ел малын етке өткізгендігін, нәтижесінде мал басының азайып, қарсыласқандар сотты болғандығын ашына келтірді. М. Қозыбаевтың көрсетуінше 1932 жылдың ақпанында Қазақстанда 87 процент колхозшылар мен 51,8 жеке шаруашылық тегісінен малынан айырылса, 1933 жылы бүкіл қазақ сахарасында бәр-жоғы 4,5 млн. мал қалған (Қозыбаев,1993:3).

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» және 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Тік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларыға байланысты зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқа комиссиясының жұмысының ұжымдық қорытындысында: «Қасірет ауқымының ғаламат болғаны сонша, біз оны геноцид саясатының көрінісі деп толық моральдық жауапкершілікпен айта аламыз» дей отырып, осы қаулылар бойынша 696 шаруашылық тәркіленіп, олардың 619-ы өздері тұратын округтен тыс жерлерге жер аударылғандығы, тәркілеу барысында зорлық-зомбылық, жазалау әрекеттерінің белең алғандығы ашық келтірілді. Аталған комиссия қорытындысында Қазақстанда 1928 жылы барлық шаруашылықтың 2 проценті ұжымдастырылса, ал 1931 жылдың күзінде 70-100 процентке дейінгі

ортақтастыруға ұшыраған аудандардың саны 78-ге жеткен (Қозыбаев,1993:232-234) .

Автордың «Өркен» газетіне жариялаған «Зобалаңның түп тамыры осындай» деген мақаласында жоғарыда аталған комиссияның негізгі міндетін 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы жылдардың басында қазақ халқының басына төнген нәубеттің себептері мен салдарын анықтау деп көрсетеді ғалым (Қозыбаев,1993). Аталған комиссия құрамындағы зерттеушілер құпия болған архив құжаттары мен материалдарын және статистикалық материалдарды, сол кездердегі мерзімді басылымдарды қолдана отырып нәтижесінде кеңейтілген баяндама әзірлеген.

Манаш Қабашұлы комиссия жұмысының қорытындысында Қазақстанда болған қасіреттің шығуына себептері анықталып, оларға баға берілгендігін атап өтеді. Мақалада бұрын барлық зобалаңды тек 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен күштеп ұжымдастырумен ғана байланыстырып келсе, енді оның түп-төркіні 1920-шы жылдарға байланысты екендігін анықталғандығы, мәселен, бай, ауқатты шаруа қожалықтарын жоюға мемлекеттік бағыт алу шеңберінде жүргізілген, шаруаларға қарсы жаппай жазалау шараларына ұласқан науқан екендігі келтірілді (Қозыбаев,1993).

1928-1932 жылдардағы бірінші бесжылдық кезіндегі ұжымдастыру барысында ғалымның көрсетуінше, Қазақстандағы астық өндіру 9 проценттен 3 процентке дейін азайған. Күштеп қысым көрсету, ауыл шаруашылық өндірісінің құлдырауы халықтың ашықтан ашық наразылығына алып келген. Олар өздерінің қарсылықтарын жол, арық бойларындағы астықты ормау, орақтарды әдейілеп бұзумен білдірді. Осындай жәйттерден кейін 1932 жылдың 7 тамызында «Мемлекеттік кәсіпорындар, колхоздар мен кооперациялардағы мүлікті сақтау және қоғамдық меншікті нығайту» турасында үкіметтің заңы шығып, қасақана жасалынған істер болса ату немесе дүние-мүлкін тәркілеу арқылы түрмеге отыру жазасына кесілетіндігі келтірілді.

Ф. Голощекин селолар мен ауылдарға 4800-ден астам өкіл жіберген. Олар жергілікті үкіметтің саясатына наразы болғандарды анықтап, үкімет орындарына хабарлап отырған нәтижесінде М.Қозыбаев көрсеткендей, 1928-1929 жылдар аралығында ұжымдастыруға, отырықшыландыруға қарсы болған ауыл тұрғындары қатаң жазаланып, бас бостандықарынан айырылған. М. Қозыбаев «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған «Алыс-жақынды таразыласақ» атты мақаласында зорлық-зомбылық, асыра сілтеу нәтижесінде ашаршылықтың басталғаны, 1930 жылғы есеп бойынша аштықтан 313 мыңнан астам адам өлгендігі, ал 1931 жылы олардың саны 755 мыңға жеткендігі, 1932 жылы 769 мыңнан астам адам өліп немесе шет ел асып кеткендігін, сөйтіп, толық емес мәліметтер бойынша Қазақстанда аштықтан, жұқпалы аурудан 1 750 мың адамдардың қаза болғандығы турасында мәлімет келтіресе (Қозыбаев, Хасанаев, 1993), ал тарих ғылымдарының кандидаты Қ. Алдажұмановпен бірлесе жазған «Қазақ даласына қырғын қалай келді» атты мақаласында 1931-1933 жылдар аралығындағы Қазақстанда болған аштыққа нақтылай тоқталып, оның шығу себептерін айқындауға тырысады. Бұл жылдар аралығында болған ашаршылық мәселесін ашып айтуға ұзақ жылдар бойы үкімет пен партия тарапынан тыйым

салынып, бұл қасіреттің себебін «асыра сілтеу», «колхоз құрлысындағы партия жолын бұрмалаушылық» деп атап келгендігі де баса көрсетілді.

1931-1933 жылдар аралығында орын алған аштықтың нақты себептеріне мыналарды жатқызады: 1920-1930 жылдардағы тоталитарлық жүйе қыспағы, ауыл шаруашылығын күшпен ұжымдастыру, әкімшілдік-әміршілдік билік және т.б. Елдегі қиыншылықтарды көре білген, 1920-1930 жылдары республикада басшы қызметте болған қазақтың зиялы қауым өкілдері қазақтың дәстүрлі шаруашылық жүйесінің шырқын күшпен қиратуға болмайтынын қатты ескерткендігі, А. Байтұрсыновтың 1929 жылы «буржуазиялық Алашорда қайраткері» деп айыпталған тергеу барысында да отырықшылыққа көшу үшін тыңғылықты даярлық қажеттігін баса айтқандығы, жер мәселесіне байланысты Ф. Голощекиннің тұсында республика басшылығында болған Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Н. Нұрмақов сынды азаматтардың “қазақ жеріне қоныс аударуды доғару” турасында айтқаны үшін Қазақстаннан шеттетілгендігі, ақыры осы зиялылар 1937 жылы «халық жаулары» ретінде жазаланғандығы мақалада фактілермен келтіріледі.

Ауыл тұрғындары өмір сүру құқығынан айырылып, аштықтан қиналған елін, жерін тастап ауа көшуі халық санына үлкен зиян келтіргендігі, халыққа жасалынған террор мен зорлық-зомбылық толқулар мен көтерілістерге алып келгендігі белгілі.

1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың шығуына 1928 жылдың 27 тамызында қабылданған «байларды тәркілеу» турасындағы қаулының әсері барлығын да ашып көрсетеді. «... осындай “науқандарда” өзінің өмірлік мүдделері аяққа басылып жатқан жеке адамдар ғана емес, бүтіндей әлеуметтік топтар тап жауы ретінде құртылып жіберілді немесе осы саясаттың құзырына еріксіз мойынұсынды» дей келе, 1929-1931 жылдары аралығында болған шаруалар көтерілісі кезінде мыңдаған адамдар жауапқа тартылып, қаза болғандығын, ұжымдастыру мен ашаршылық салдарынан жүздеген мың адамдардың республикадан тыс жерлерге кетіп қалғандығын нақтылайды. 1931-1933 жылдар аралығында Қазақстанда 2 миллион 100 мың адамның опат болғандығын, олардың 1 миллион 750 мыңы қазақтар екендігін архив құжаттарына сүйене отырып дәлелдеген (Қозыбаев, Алдажуманов, 1993:5-7).

Н. Мұхамедханұлы «Академик Манаш Қозыбаев – тәуелсіздік сананың жаршысы» атты еңбегінде ғалымның ұлттық сананы оятып, тәуелсіздік сананы қалыптастыруға қызметін атап көрсетеді. Ол: «Біз, қазақ халқы көп қуғын-сүргін көргенбіз. Қайғылы «Ақтабан шұбырынды» қазақ жеріне бір ғана келмеді, не сан оралды. Тек XX ғасырда 1916 жылғы ойранда 60 мыңнан астам адам патша жендеттерінің қолынан қаза тапты. Дүркіреп көшкен елдің тозығы ғана Отанға ашығып, тарығып зорға жетті. Қазақстан мен Қытай, Ауған арасында қырылған халықтың есебі жоқ. 1921-1922 жылдарғы аштық 2 миллион 250 мың адамды қармағына іліктірді. 1931-1933 жылдардағы қызыл қырғын 2 миллион 200 мың адамның тағдырын біржолата киды» –деп жазудағы мақсаты – дербестігінен айырылған халықтың көрген және көретін азабын аңғартуарқылы тәуелсіздікті дәріптеу екені айдан анық. Сондықтан да Манаш Қабашұлы: «Қазақ – неше түрлі

қиямет замандарды басынан өткізген халықтардың бірі» - деп көрсеткен еді. (Мұхамедханұлы, 2021:250) .

М. Қозыбаев «Парасат» журналына берген сұхбатында аштан өлген сан миллиондаған адамдар рухы бізден тарихи шындықты одан ары қарай жалғастыруды талап ететінін, бұл жұмыс тез бітіре салатын ғана емес, келер ғасырда да жалғасын табатындығын ескертті (Қозыбаев, 1997:1-2). Жалпы аштық мәселесіне байланысты өзінің, Ж.Әбілқожин мен Қ. Алдажұмановтардың авторлықтарымен “Аштық” деп аталатын құжаттар жинағы дайындалды.

1932 жылғы 7 тамыздағы «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүліктерін қорғау және мемлекеттік меншікті нығайту туралы» заң қабылданып, осы заң бойынша сәл кінәсі үшін адамды атып тастау немесе 10 жылға түрмеге жауып, мүлкін тәркілеу әрекеттерінің орын алғандығын, осы заң негізінде алғашқы жылдың өзінде Қазақстанда 33345 адамның сотталғандығы М. Қозыбаев еңбегінде баса келтірілді. Сонымен 1929-1933 жылдар аралығында Бірлескен саяси басқарманың Қазақстан бойынша өкілетті өкілінің үштігінің толық емес мәліметтері бойынша 9805 сот ісі қаралып, 22933 адамға, соның ішінде ең жоғарғы жаза – ату жазасына 3386 адамға үкім шығарылғандығын айқындайды (Қозыбаев, Хасанаев, 1993). Кеңестік үкіметтің аудандар мен ауылдардағы халықтың наразылықтары мен көтерілістерін басуға жазалаушы органдарды кеңінен пайдаланған. Ішкі Істер халық комиссариаты Біріккен мемлекеттік саяси басқарма құрамында қуғын-сүргін шараларын қолдану үшін ерекше кеңес құрылып, осы кеңес арқылы үкіметке қарсы келген «халық жаулары» деп жазаланды.

Кеңес үкіметінің аграрлық салада жүргізген саяси реформаларының қазақ халқына тигізген зардаптарын көрсете келе, бұл мәселенің әлі де болса толықтай зерттеліп, тиісті бағасын алмағандығын, сондықтан жас зерттеушілерге жылдарындағы демографиялық ахуалдарды зерттеуді қолға алу қажеттігін ұсынады. 1920-шы ғасырдың аяғы мен 1930-шы жылдардағы халық басына түскен қасіретке сол кездегі республика басшысы болған Ф.И. Голощекин сөзсіз кінәлі деген қорытындыға келеді (Қозыбаев, 1993).

Тоталитарлық жүйе өзінің әкімшіл-шаруашылық тәртібін зорлық-зомбылық әдістерімен қалыптастырып, жаппай қуғын-сүргінге айналдырды. 1996 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылды «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялауы турасындағы Жарлығынан кейін ғалым өзі басқарған институт ұжымымен бірлесе саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сталиндік саясаттың құрбанына айналған қазақ азаматтарының неліктен “ұлтшыл”, «буржуазияшыл» болып айыпталып, қуғындалуының себептерін анықтауда арнайы комиссия құрылып, М. Қозыбаев осы комиссияның төрағасының орынбасары міндетін атқарды.

М. Қозыбаев қуғын-сүргіннің шығуының себебін тоталитарлық жүйенің қатаюынан, халықты бір уыста ұстауға тырысуынан деп түсіндірді. Сталин «ұлтшыл» деген терминді бір жексұрын терминге айналдырып, қазақ халқының ұлы тұлғаларына қара күйе жақты. Манап Қабашұлы айтқандай, ұлтшылдыққа қарсы күресемін деп, ұлттық сипаты бар құбылыстарды аяққа басты. М.Қ.

Қозыбаев «ұлтшыл», «ұлттық», «ұлтшылдық» деген үш ұғымды дұрыс түсіну қажеттігін айтады. Оның пікірінше, «ұлтшыл» деген сүйген жан, ұлтына деген сүйіспеншілігі елден ерен, жұрттан бөлек ел баласы. Оның ол сүйіспеншілігі басқа халықтардың жақсы қасиеттерін сыйлаумен астарласады. Ғалым кеңес дәуірі кезінде осы ұлтты сүю ұлтшылдыққа жатқызылғандығын, нәтижесінде қазақтың ұлт мүддесі үшін қызмет еткен зиялылары қудаланып, кеңес үкіметінің тарапынан олардың отбасыларында қуғын-сүргінге ұшырағандығын келтіреді (Қозыбаев, 1997:2).

1930-шы жылдары Қазақстан жазықсыз айыпталып, жазаланған, саяси қудаланғандарды бөліп ұстайтын лагерьге айналған еді. М. Қозыбаев қуғын-сүргін саясаты тотальдық-жалпыламалық бағыт алғандығын, 1929 жылдың өзінде саяси желеумен 56 498 шаруа айыпқа тартылып, оның 32 мыңнан астамы жазаға тартылғандығын, 3-8 жыл мерзімінде 13 151 адам сотталып, лагерьге қамалғандығын айта келе, 1930 жылы концлагерьлер үшін 110 мың гектар жер бөлінгендігін келтіреді (Қозыбаев, 1994).

«1930 жылдары Кеңестік Конституция қабылданған кезде Сталин социалистік ұлт, жаңа советтік жұмысшы табы, колхозшы шаруа табы, социалистік интеллигенция қалыптасуы туралы теориялық тұжырымдарға келді. Одақтық республикалар, оның ішінде Қазақстанда қазақ халқының тарихы осы дайын схемаға бағындырылды. «Қазақ халқы 30-жылдардың ортасында социалистік ұлт болып қалыптасты», - деп даурыға бастады. Ал сол кезде халық болса, ұлттық трагедияға ұшырап жатқан еді. Қазақтың азын-аулақ байырғы интеллигенциясы, онан қалды, советтік дәуірде қаулап өсіп келе жатқан социалистік интеллигенцияның бір бөлігі репрессияның құрбаны болды», - деп жаза келе, М. Қозыбаев осы «ақтаңдақ» атанып келген жылдардың қасіретін ашуды үлкен бір мәселелердің қатарына қояды (Қозыбаев, 1992:8).

М.Қ. Қозыбаев Қазақстан тарихнамасында аса өзекті болған XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық, қуғын-сүргін мәселелерін жіті зерттеп, толымды тұжырымдар жасады. Әсіресе, 1920-шы жылдардағы кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатының қарапайым халыққа қаншалықты ауыр жүк артып, арты қайырылмас қайғыға толтырғандығын, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында зорлық-зомбылықтың жүргізілгендігін, бюрократық әдістің үстем болғандығын айқындап берді.

М.Қозыбаев өшпейтін із қалдырды, ғалымның қаламынан 800-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер дүниеге келді. Сонымен бірге ол талантты ғалымдардың тұтас бір шоғырын тәрбиелеп шығарды. Оның жетекшілік етуімен 86 ғылым докторлары мен кандидаттары әзірленді. Ғалымның ғылыми мектебі қалыптасты (Көмеков, 2021:16). М.Қозыбаевтың ерекше қамқорылығының арқасында қазақ диаспорасының өкілдері З. Қинаятұлы, И. Қабышұлы, Н. Мұхаметханұлы және т.б. ғалымдар қосылды. Тәуелсіздік жылдарында Манаш Қабашұлы елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан

тарихының жаңа концептуалдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды.

Қазақстан тарихының туын биік көтеріп, тәуелсіздік рухының баянды болуына үлес қосты. Тарихи шындықты жаңғыртқан, бұрынғы жабық тарихтың ақиқатын ашатын «Ермак: аңыз бен ақиқат», «Голощекин және Қазақстан», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» және тағы басқа еңбектері тарихи сананың қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Тоталитарлық жүйе тұсында қуғындалып, нәубет құрбанына айналған азаматтарды ақтау барысында тың, тарихи деректерді жинастырып, өзі басқарған “Әділет” қоғамы және тарих институтының ғалымдарымен «Азалы кітап», «Боздақтар» сияқты жинақтарды шығарды.

Тарих институтының ғалымдарына «Қазақстан тарихының очерктері», «Қазақстан тарихы» (5 томдық) кітаптарын шығаруда басшылық етіп, бұл басылымдардың жаңа көзқараста жазылуын қадағалады. Академик М. Қозыбаев академиялық ғылымын білім саласымен байланыстыра білді. Орта және жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. М. Қозыбаев басқарған институт бірнеше шет мемлекеттермен, атап айтқанда Ресей, Қытай, Түркия, Жапония және т.б. елдермен әлі күнге дейін ғылыми байланыс жасауда. Оның басшылығымен Қазақстанның өзекті мәселелеріне арналған бірнеше халықаралық конференциялар өткізілді. Ғалымның ғылыми еңбектері шет мемлекеттерде танымал болды.

Қорытынды

Манаш Қабашұлы Қозыбаев басқарған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты тарихымызды қайтадан зерделеуде, тәуелсіз Қазақстанның тарихын жасауда үлкен жұмыстар атқарды. Ресей академиясының тарих институтымен бірігіп, күштеп ұжымдастыру мәселесін қарастыруды қолға алды. Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың Отан тарихын зерделеуде парасатты жолды ұстанды. Оның тікелей басшылығымен ұлттық тарихымыздың “ақтаңдақ” деп аталып келген мәселелері зерделеніп, көптеген архив қорларындағы деректер ғылыми айналымға енгізілді.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстан тарихына қосқан ғылыми үлесін төмендегідей зерделеуге болады: Ол көне заманнан бастап қазіргі кезге дейінгі қазақ тарихын қазақ халқының мүддесі тұрғысынан қарастырды; бұрындары “жабық” болып келген тақырыптардың шынайы бағасын алуға, атап айтқанда ұлт-азаттық қозғалыстардың маңыздылығын айқындады, Кеңес кезеңінде орын алған 1920-50 жылдардағы қуғын-сүргін нәубетін зерттеуге үлес қосты. Қазақстан тарихын әдістемелік, тарихнамалық, деректанулық тұрғыдан зерттеудің негізін салды. Оның зерделеуімен қазақ халқының этногенезі, Қазақтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен далалық өркениет мәселелерінің жаңа қырлары, Қазақстанның Ресейдің отарлауына айналу үрдісі кезеңдері, барысы, нәтижелері, Кіші Қазан саясаты, 1930-жылдардағы ашаршылық, саяси қуғын-сүргіндер, Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихының бұрынғы кеңестік заман кезеңіндегі зерттеу

нысанына айналмаған тұстары, тоталитарлық билік сабақтары, аз ұлттардың Қазақстанға күштеп қоныс аударуы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, Қазақстанның тарихнамалық мәселелері айқындалып, тың деректік маңызы бар еңбектер жарияланды.

М. Қозыбаев көп қырлы, кәсіби ғалым-зерттеуші. Ол қазақ елінің тәуелсіздік тарихының жаңа концепциясын жасауда өз зерттеулерінде жаңа ой-тұжырымдар жасады. Манап Қозыбаев та энциклопедист ағартушы бола білді. Оның ой-сананы ағарту жолында атқарған қызметі, іс жүзінде Қазақстан қоғамында ағартушылық рөл атқарды. Ғалым тарихи фактілерді егенменді елдің мүддесі тұрғысынан жаңаша пайымдап, ұлттарихының өткені мен бүгінін, келешегін өзара байланыстырып жан-жақты ашып көрсетіп, жаңа тәуелсіз қоғамдық ойдың қалыптасуына теориялық негіз қалады.

Әдебиеттер тізімі:

Ахметов А. Страницы героической истории // Казахстанская правда. – 1963. – 4 декабря.

Асылбеков М., Төленова З. Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 280 б.

Комеков Б.Е. Айтулы тұлға // «Манап Қозыбаевтың өмір жолы және отандық тарихтың заманауи тұжырымдалуы». М. Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. 16 қараша 2021.

Қозыбаев С. Жұлдызы жанған ғұлама. – Алматы: «Атамұра». – 2003. – 288 б.

Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 344 б.

Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.

Қозыбаев М. Халықтану проблемалары // Арқа ажары. 1991. – 3 қыркүйек.

Қозыбаев М. Ездікті қойып, елдікті ойлайық // Қазақстан мұғалімі. -1990. – 8 наурыз.

Қозыбаев М. Голощекин. Саяси портрет // Нәубет. Публицистикалық ой-толғаулар. – Алматы: Жалын, 1990. – 448 б.

Қозыбаев М. Алапат нәубет// Қызыл Қырғын. – Алматы, 1993.

Қозыбаев М. Зобалаңның түп тамыры осындай // Өркен. – 1993. – 16 қаңтар.

Қозыбаев М., Хасанаев М. Алыс-жақынды таразыласақ //Егемен Қазақстан. – 1993. – 24 тамыз.

Қозыбаев М., Алдажұманов Қ. Қазақ даласына қырғын қалай келді? // Қызыл қырғын. – Алматы, 1993.

Қозыбаев М. Ұлттың ұяты мен мияты // Парасат. – 1997. – №5. – 1-2 бб.

Қозыбаев М. Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар // Егемен Қазақстан.- 1994. – 12 тамыз.

Қозыбаев М.К, Алдажұманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд ХХІ века, 1997. – 28 с.

«Манаш Қозыбаевтың өмір жолы және отандық тарихтың заманауи тұжырымдалуы» //М. Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.-Алматы. 16 қараша 2021.

Мұхамедханұлы Н. Академик Манаш Қозыбаев – тәуелсіздік сананың жаршысы // Отан тарихы. 2021, №4/96/.- 251 б.

Мұтанов Ғ.М. Манаш Қозыбаев өнегелі өмір. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 396 б.

Пірманов Ә., Қапаева А. Академик Манаш Қозыбаев. - Алматы: «Атамұра», 2001. – 240 б.

Куралай Ш. Аубакирова, Кымбат К. Байсарина

*Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан,
Университет Шакарима, кафедра истории, Семей, Казахстан*

Манаш Козыбаев — один из крупнейших исследователей проблем коллективизации, голода и репрессий

Аннотация. Целью статьи является анализ и систематизация научного наследия М. Козыбаева путём выявления ключевых тематических направлений и методологических подходов в его трудах. Особое внимание уделяется первым шагам учёного в научной деятельности и его вкладу в развитие отечественной историографии.

В статье рассматриваются работы М. Козыбаева, опубликованные в 1985–2002 гг., затрагивающие актуальные проблемы истории Казахстана — от древности до начала XX века, включая политику конфискации, коллективизации, сталинские репрессии 20–50-х годов, а также вопросы персоналистики. Представлена научная оценка значения этих трудов в контексте развития исторической науки.

Видный учёный посвятил свою жизнь восстановлению и осмыслению национальной истории. Он провёл глубокие исследования по ключевым направлениям исторической науки, внёс значительный вклад в переосмысление советского прошлого и формирование концепции независимого Казахстана. Научное наследие М. Козыбаева рассматривается в соответствии с современными требованиями комплексного анализа.

Источниковую базу статьи составляют энциклопедические издания, монографии, статьи и научно-публицистические работы М. Козыбаева, а также интервью, опубликованные в периодике. Его организаторские способности, богатый опыт, научная проницательность и стратегическое мышление позволили ему сыграть ключевую роль в становлении новой школы отечественной исторической науки в годы независимости.

В заключение подчёркивается, что в трудах М. Козыбаева научно обоснованно освещены сложнейшие и замалчиваемые страницы истории Казахстана. Его исследования способствовали восстановлению исторической справедливости и формированию национального самосознания.

Ключевые слова: история Казахстана, историческое сознание, коллективизация, голод, конфискация, репрессии, научное наследие, независимость.

Kuralai Sh. Aubakirova, Kymbat K. Baisarina

*Eurasian Humanities Institute named after A.K. Kusainov, Astana, Kazakhstan
Shakarim University, Semey, Kazakhstan*

Manash Kozybayev — one of the most prominent researchers of the problems of collectivization, famine, and repression

Abstract. This article aims to analyze and systematize the scholarly legacy of M. Kozybayev by identifying the key thematic directions and methodological approaches in his works. Special attention is given to the early stages of his academic career and his contribution to the development of national historiography.

The study examines Kozybayev's publications from 1985 to 2002, which address critical issues in the history of Kazakhstan—from ancient times to the early 20th century. These include the policies of confiscation and collectivization, the Stalinist repressions of the 1920s–1950s, and biographical research. The article provides a scholarly assessment of the significance of these works in the context of the development of historical science.

A distinguished historian, Kozybayev dedicated his life to restoring and reinterpreting the national past. His profound research across key areas of historical inquiry made a significant contribution to the re-evaluation of Soviet history and the formation of Kazakhstan's independent historiographical paradigm. His academic legacy is analyzed through the lens of modern interdisciplinary and methodological approaches.

The source base includes Kozybayev's encyclopedic collections, monographs, academic articles, journalistic works, and interviews published in periodicals. His leadership qualities, extensive experience, deep knowledge, and strategic vision played a crucial role in the emergence of a new generation of historians in post-independence Kazakhstan.

In conclusion, the article emphasizes that Kozybayev's works offer a scientifically grounded reflection on the most complex and previously silenced aspects of Kazakhstan's history. His research contributed significantly to the restoration of historical justice and the awakening of national consciousness.

Keywords: history of Kazakhstan, historical consciousness, collectivization, famine, confiscation, repressions, scholarly heritage, independence.

Reference:

Ahmetov A. Stranicy geroicheskoy istorii // Kazahstanskaja pravda. – 1963. - 4 dekabrja.

Asylbekov M., Tolenova Z. Akademik M.K. Kozybaev: gulama galym, iri kogam kajratkeri. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2014. – 280 b.

Komekov B.E. Ajtuly tulga // «Manash Kozybaevtyñ omir zholy zhane otandyk tarihtyn zamanauı tuzhyrymdaluy». M. Kozybaevtyñ tuganyña 90 zhyl toluyna arnalğan Halykaralyk gylymi-teorijalyk konferenciya materialdary. –Almaty. 16 karasha 2021.

Kozybaev S. Zhuldyzy zhangany gulama. – Almaty: «Atamura». – 2003. – 288 b.

Kozybaev M.K. Tarih zerdesi (Zamana asuy). 1-kitap. –Almaty: Gylym, 1998. – 344 b.

Kozybaev M. Aktandaktar akikaty. –Almaty «Kazak universiteti», 1992. –272 b.

Kozybaev M. Halyktanı problemalary // Arka azhary. 1991. – 3 kyrkujek.

Kozybaev M. Ezdikti kojyp, eldikti ojlayyk // Kazakstan mugalimi. -1990. – 8 nauryz.

Kozybaev M. Goloshhekin. Sajasi portret // Naubet. Publicistikalyk oj-tolgaular. – Almaty: Zhalyn, 1990. – 448 b.

Kozybaev M. Alapat naubet// Kyzyl Kyrgyn. – Almaty, 1993.

Kozybaev M. Zobalannyn tup tamyry osyndaj // Orken. – 1993. – 16 kantar.

Kozybaev M., Hasanaev M. Alys-zhakyndy tarazylasak //Egemen Kazakstan. – 1993. – 24 tamyz.

Kozybaev M., Aldazhumanov K. Kazak dalasyna kyrgyn kalaj keldi? // Kyzyl kyrgyn. – Almaty, 1993.

Kozybaev M. Ulttyn ujaty men mijaty // Parasat. –1997. –№5. –1-2 bb.

Kozybaev M. Gasyr taukymetin arkalagan arystar // Egemen Kazakstan.- 1994. – 12 tamyz.

Kozybaev M.K, Aldazhumanov K.S. Totalitarnyj socializm: real'nost' i posledstvija. –Almaty: Fond HHI veka, 1997. –28 s.

«Manash Kozybaevtyn omir zholy zhane otandyk tarihtyn zamanai tuzhyrymdaluy» //M. Kozybaevtyn tuganyna 90 zhyl toluyna arналган Halykaralyk gylymi-teorijalyk konferencija materialdary.-Almaty. 16 karasha 2021.

Muhamedhanuly N. Akademik Manash Kozybaev – tauelsizdik sananyn zharshysy // Otan tarihy №4/96/. 2021.-251 b.

Mutanov G.M. Manash Kozybaev onegeli omir. – Almaty: «Kazak universiteti», 2016. – 396 b.

Pirmanov A., Karaeva A. Akademik Manash Kozybaev. - Almaty: «Atamura», 2001. – 240 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Құралай Шаймардановна Аубакирова - тарих ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайнов атындағы Еуразия гуманитарлық институт, Астана, Қазақстан.

Қымбат Қабидолдина Байсарина – тарих ғылымдарының докторы, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

Information about authors:

Kuralai Sh. Aubakirova — Candidate of Historical Sciences, Eurasian Humanities Institute named after A.K. Kusainov, Astana, Kazakhstan.

Kymbat K. Baisarina – Doctor of Historical Sciences, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Құралай Шаймардановна Аубакирова - кандидат исторических наук, Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан.

Қымбат Қабидолдина Байсарина – доктор исторических наук, Университет Шакарима, Семей, Казахстан.